

**ШҚО Білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі
«Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қорытындысы**

Ақжар ауылы

30.10.2024 жыл

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, ШҚО білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізудің мақсаты — ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, олардың туындау себептері мен жағдайларын зерделеу және алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Қызметкерлерді басқару: штаттық бірлік бойынша қызметкерлер саны – 70,05 бірлік. Оның ішінде: қызмет атқаратын педагогтар саны -30, қамту қызметкерлері-41, баланы 3 жасқа дейін күтуге байланысты демалыста -3 қызметкер.

Қызметкерлердің орта жасы-40 жасты құрайды.

ШҚО білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы» қызметкерлерінің лауазымдары квалификациялық талаптарға сай.

Мекемеде кәсіби біліктіліктерін көтеру бойынша қайта даярлау курстарына жіберу және санаттарын көтерудің кестесі мен уақыты сақталған.

Еңбек тәртібін бұзушылық фактілері тіркелмеген. Жыл көлемінде еңбек тәртібін бұзушылық жоқ.

Талдау жүргізілу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң бұзғандығы үшін сотталған немесе қылмыстық іс жасағандарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталмаған. *Шіеленісу жоқ.*

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде мүдделер дауы, мемлекеттік сатып алу фактілерін бірлескен қызмет (жұмыс) берушінің жақын туыстары мен жеоқаттарының, ерлі-зайыптылар *анықталған жоқ.*

«Ақпараттық тақтасында азаматтарды қабылдау кестесі мен сенім телефондары: 8 (72344) 2-15-88.

1-кабатта азаматтардың және лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне байланысты өтініштеріне арналған «Сенім» жәшігі орнатылған, келіп түскен *шағымдар жоқ.*

Қолданыстағы заңнаманы бұзушылық бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері, мәселелері, қызметкерлердің әрекеттеріне түскен *шағымдар жоқ.*

ШҚО білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы» қызметкерлеріне тән жағымсыз жарияланымдар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланбаған.

«Сыбайлас жемқорлық туралы не білеміз?» атты тақырыпта ШҚО білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайында педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес, ата –аналар жиналысында, қамқоршылық кеңес отырыстарында түсіндіру жұмыстары өткізіліп тұрады.

Жалпы білім беретін ұйым Мемлекеттік қызмет талаптарына сай жүзеге асырады:

- Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша заң бұзушылық - жоқ.
Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша 03.10.23ж-01.10.24 ж аралығы
-Бір көзден сатып алу-1
-Бағалы ұсыныстарға сұраным- 29
-Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу- 20
-электронды магазин-3
Ашық конкурс-1
Бұзушылық жоқ.

Қаржы - шаруашылық қызметін тексеру бойынша құқық бұзушылық болған жоқ.

III. Қорытынды бөлімі

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында:

- қызметкерлер мен ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен ақпараттық-насихаттау жұмыстарын белсенді жүргізу;
- құқықтық жаппай оқыту бойынша қолданыстағы заңнаманы түсіндіру және оған енгізілетін өзгерістер және толықтырулар жайлы ақпараттармен хабардар ету ұсынылады.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» талаптарына сай ШҚО білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы» сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қорытындысы балабақша сайтында орналастырылды.

Жұмыс тобының төрайымы, әдіскер  **З.Сабитова**

Топ мүшелері:

Есепші:

Шаруашылық меңгерушісі:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

уәкіл:



Т.Кусайынова

Д.Шомбин

Ш.Қызырбекова

Таныстым:

ШҚО білім басқармасы

Тарбағатай ауданы бойынша

білім бөлімі КМҚК

«Балауса-Балғын» бөбекжайы»

меңгерушісі:



Г.Шагиева